

# Болымсыздық есімдігінің түрленуі.



**Болымсыздық есімдігі – болымсыздық**  
**мағынаны білдіреді. Негізінде еш деген сөз**  
**бен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы**  
**жасалады. Болымсыздық есімдігі сөз**  
**табына қатысты түрліше болып келеді. Зат**  
**есімнің орнына қолданылатын болымсыз**  
**есімдіктері зат есім сияқты түрленеді:**  
**септеледі, тәуелденеді, кейде көптік**  
**жалғауын қабылдайды, бірақ жіктелмейді.**  
**Мысалы: Ешнәрселері бүлінбеді.**  
**Ешқайсысының үні шықпады.**

У	Н	Е	К	О	Е	Е	Ш	Г
Е	Ш	Ш	С	Д	Ш	Қ	К	І
Р	Қ	Т	Е	Ң	Е	А	Б	М
И	А	Н	Д	А	Е	Ш	А	Н
Д	Ә	С	О	Й	Ш	Қ	А	И
Т	Н	Е	Ң	Е	Ш	Х	С	Д
Р	Х	И	Е	О	Б	І	Р	А

## Тәуелсіз Қазақстан

Отан деген не? Бұл сөзді әрқайсымыз күн сайын әлденеше рет естіп жүрміз. «Отан от басынан басталады» дейді халық. Отан дегеніміз- әр адамның туып-өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен, бүкіл дос-жарандарымен бірге тұратын мекені. Қазақ елінде тұратын барлық адамның Отаны- Қазақстан Республикасы. 1991 жылы 16 желтоқсан біздің еліміз Қазақстан тәуелсіз республика болып жарияланды. Осы күнге жету үшін қазақ халқы қаншама қиыншылықты бастан өткізді. Әр мемлекеттің дербес, тәуелсіз ел болуы- барша бақыттың бастауы. Елдің өз құқы өз қолында, ешкімге тәуелді емес. Бұл күнде дүние жүзінің барлық елі Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде танып отыр. Осы бақыт әр қазақстандықтың жүрегіне нұр құяды.

- **Болымсыздық есімдігі қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрағнын айтыңдар!**
- 1. Ешкім отанына опасыздық жасамайды
- 2. Ешкімге ауыр тапсырма берілмеді.
- 3. Ешқайсысының үні шықпай қалды.
- 4. Сабақтан кейін ешқайда бармайтын болдық.